

## Кәсіптік стандарт: «Жүзім шаруашылығы»

### 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Жүзім шаруашылығы – халықты жаңа піскен және кептірілген жүзіммен, ал шарап жасау және консерві өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету үшін асханалық және техникалық жүзімнің жоғары өнімін өсіруге бағытталған агроөнеркәсіптік кешен саласы.

2) Ампелография – жүзімнің түрлері мен сорттары туралы, олардың қасиеттерінің өзгеріштік заңдылықтары туралы ғылым.

3) Дефолиация – пестицидтер - дефолианттар тобынан негізінен химиялық препараттармен жүргізілетін жапырақтарды жасанды жою процесі.

4) Қарықтау – бойлық кесу, қабықтың терең қабаттарынан қосымша тамырлардың жақсы дамуы үшін төменгі сегменттегі қалемшелердің қабығын тырнау.

5) Катаровка – терең тамыр жүйесінің дамуын күшейту үшін, сондай-ақ егілген қалемшелердің немесе егілген көшеттердің егілген және өз бұталарының үстіңгі қабаттарын кесу, жою.

6) Қалемшелерді даярлау – тамыр салуды ынталандыру және көздердің таралуын кідірту мақсатында олардың негізіне ("өкшеге") жоғары (24-26°C) және олардың үстіңгі жағына төмен (16-18°C) температураға әсер ету жолымен қалемшелерді отырғызу алдында дайындау.

7) Бұталардың жүктелуі (көзшелермен, өркендермен, гүлшоғырлармен, шоғырлармен) – бір бұтаға шаққандағы көзшелердің, өркендердің, гүлшоғырлардың, шоғырлардың саны.

8) Сабақ «жасы» – дамудың жылдық циклінің бірінші фазасы, белсенді тамырлардан жоғары көтерілетін шырындардың қозғалысы.

9) Асханалық сорттар – жаңа піскен түрде тұтыну үшін өсірілетін жүзім сорттары, ұзақ сақтауға арналған отырғызулар және кептірілген жүзімді (мейіз, кишмиш) алу.

10) Техникалық сорттар – шарап пен шырынға қайта өңдеу үшін өсірілетін жүзім сорттары.

11) Әмбебап сорттар – тамаққа да және шарап, шырын дайындауға да жарамды жүзім сорттары.

12) Өркендерді шымшылау – белсенді өсу кезеңінде өсу нүктесін алып тастау.

13) Жүзімді сирету – шоғырларға жарықтың жақсы түсуі үшін шоғырлар маңындағы жапырақтардың бір бөлігін алып тастау, түсімді нормалау үшін гүлшоғырлар мен шоғырларды алып тастау.

14) Шырпу – вегетациялайтын өскіндердің ұштық бөлігін алып тастау.

15) Бұтақсыздандыру – негізгі өскіннің бүйірлік өсу нүктелерінің санын азайту үшін өгей бұтақшаларды (екінші реттегі өскіндерді) ішінара немесе толық алып тастау (қысқарту).

16) Плантаж – терең (көмінде 50 см) қопсытуды, ұсатуды және оның қабаттарын ауыстыруды көздейтін топырақты отырғызуға дейінгі дайындау.

17) Байлау – бұталарды немесе жекелеген элементтерді шпалерлік сымға немесе басқа тіректерге бекіту: «жасыл» – өсіп келе жатқан өскіндерді тіректерге байлау; «құрғақ» – өткен жылғы өскіндерді немесе элементтерді (жеңдерді, штабаны) кескеннен кейін тіректерге байлау.

18) Бұршіктелу – жүзімді бұршіктермен жазғы ұластыру.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) –

### 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жүзім шаруашылығы

5. Кәсіптік стандарттың коды: A01210011

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

A Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.2 Көп жылдық дақылдарды өсіру

01.21 Жүзімді өсіру

01.21.0 Жүзімді өсіру

A Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.3 Өсімдіктердің ұдайы өндірісі

01.30 Өсімдіктердің ұдайы өндірісі

01.30.0 Өсімдіктердің ұдайы өндірісі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Техникалық регламенттер мен сапа стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету кезінде отандық ауыл шаруашылығы өнімін ұлғайту және сақтау мақсатында жеміс

питомниктерінде, жүзімдіктерде жүзімнің шараптық және асханалық сорттарын салу және өсіру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Жеміс питомнигінің жұмысшысы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 2) Жүзім өсіруші-шарап жасаушы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 3) Ауыл шаруашылығы техникалары жөніндегі техник - 5 СБШ-нің деңгейі
- 4) Агроном-жүзімші - 6 СБШ-нің деңгейі
- 5) Жүзім өсіруші - 4 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Жеміс питомнигінің жұмысшысы»:			
Топтың коды:	6113-1		
Қызмет атауының коды:	6113-1-002		
Кәсіптің атауы:	Жеміс питомнигінің жұмысшысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Питомник өсіруші		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Бау өсіруші Гүл шаруашылығы және бау шаруашылығындағы білікті жұмысшы Бағбан		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Питомниктегі қосалқы және негізгі жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Питомниктерде топырақты дайындау, отырғызу жұмыстарын жүзеге асыру; жүзім көшеттерін күту 2. Ұластырмалар үшін материал дайындау процесін жүргізу және ұластырмалардың өміршеңдігін тексеру.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Питомниктерде топырақты дайындау, отырғызу жұмыстарын жүзеге асыру; жүзім көшеттерін күту	Дағды 1: Питомниктерде топырақты дайындау, көшеттерді отырғызу бойынша жұмыстарды орындау	Машықтар:	
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көшеттерді отырғызу үшін топырақты өңдеу.</li> <li>2. Топырақ құрылымын анықтау әдістемесін қолдану.</li> <li>3. Отырғызу үшін дайындық жұмыстарын орындау.</li> <li>4. Фумигация үшін жүзім сабағы көшеттерін салу.</li> <li>5. Жұмыс құрал-саймандарды және қосалқы құралдарды пайдалану.</li> <li>6. Жүзім жетілдіргішінің егіс айналымын жүргізу.</li> <li>7. Жүзімнің жас көшеттерін отырғызу және күту.</li> <li>8. Жүзімдікті суаруды жүргізу.</li> </ol>	
		Білімдер:	
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзім дақылдары үшін топырақты дайындау тәсілдері.</li> <li>2. Топырақты өңдеудің негізгі тәсілдері.</li> <li>3. Топырақты өңдеу сапасын бағалау әдістері.</li> <li>4. Топырақты өңдеу сапасына қойылатын талаптар.</li> <li>5. Питомниктерге арналған учаскелерге қойылатын талаптар.</li> </ol>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	

	<p>Дағды 2: Өсімдіктерге күтім жасау, өсімдіктерді ұластыруға, бүршіктелуге дайындау; көшеттерді қазу, оларды сұрыптау, өткізуге дайындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзім сабағын бүшіктеуді жүргізу.</li> <li>2. Отырғызу материалы сапасының көрсеткіштерін анықтау.</li> <li>3. Ұластырылған жүзімге күтім жасау.</li> <li>4. Бұталардың жүктемесін және кесу ұзындығын орнату.</li> <li>5. Жүзім сабағының денсаулығын тексеру.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Питомниктерде жүзім көшеттерін өсіру ерекшеліктері.</li> <li>1. Жүзім сабағын бүршіктеу және беттестіріп телу тәсілдері.</li> <li>3. Ұластырмаларды күту қағидалары.</li> <li>4. Бір және екі жылдық көшеттерді кесу және оларда бөрікбастарды қалыптастыру тәсілдері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Ұластырмалар үшін материал дайындау процесін жүргізу және ұластырмалардың өміршеңдігін тексеру.	<p>Дағды 1: Ұластыру материалдарын ұластыруға, бүршіктеуге дайындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұластыру материалын дайындау.</li> <li>2. Ұластыру үшін қалемшелерді сақтауды дұрыс жүзеге асыру.</li> <li>3. Ұластыру үшін шыбықтарды дайындауды жүргізу.</li> <li>4. Телітушіні дайындау.</li> <li>5. Қажетті құралдар мен материалдарды дайындау.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзімді ұластыру әдістері.</li> <li>2. Қалемшелерді, себінділерді, көшеттерді қысқы сақтау әдістері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	<p>Дағды 2: Өміршеңдікті тексеру және есептеу.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұластырмалардың өміршеңдігін (телітушінің физиологиялық жай-күйін) тексеру.</li> <li>2. Ұластырмалардың есебін жүргізу (ұластырмаларды бақылау және есептеу).</li> <li>3. Телітуші өміршеңдігін жазу кітабын жүргізу.</li> <li>4. Дені сау көшет материалын өсіру бойынша іс-шаралар өткізу.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұластырмаларды есепке алу техникасы.</li> <li>2. Бүршектеу тәсілдері мен әдістері.</li> </ol>	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Командада жұмыс істеуді білу Коммуникабельділік Стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу Орындаушылық Үйренушілік Жұмыстағы ұқыптылық және жауапкершілік Тәртіптілік Төзімділік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Питомник супервайзері (бригадирі)
	4	Жүзім өсіруші - шарапшы

	3	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар)	
	5	Техник- агроном (бау шаруашылығы)	
10. Кәсіптің карточкасы «Жүзім өсіруші-шарап жасаушы»:			
Топтың коды:	6112-0		
Қызмет атауының коды:	6112-0-002		
Кәсіптің атауы:	Жүзім өсіруші-шарап жасаушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Жүзім өсіруші		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Жүзім өсіруші Жеміс-көкөнісші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Шарап пен шырын өндіру үшін асханалық және техникалық жүзімді өсіру процесін жүргізу және бақылау.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүзім өсірудің негізгі өндірістік процесін жүргізу 2. Шарап жасау өнімі және сату үшін жүзім өсіру және жинау процесін ұйымдастыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жүзім өсірудің негізгі өндірістік процесін жүргізу	Дағды 1: Питомниктер мен жүзімдіктерде жүзімді дайындаумен, жүзімді отырғызумен, үстемелеп отырғызумен және жасартумен, зиянкестерден қорғаумен, егін жинаумен қол, механикаландырылған жұмыстарды орындау	Машықтар:	
		1. Жүзімді отырғызу, қорғау, қоректендіру бойынша қажетті іс-шаралар жүргізу. 2. Сапасын қамтамасыз ету және егін жинау уақытын дұрыс анықтау үшін жүзімнің жетілуіне мониторинг жүргізу 3. Хлорозды және басқа да ауруларды сәйкестендіру. 4. Зиянкестерден дұрыс қорғанысты құру. 5. Аналықтар мен жүзімдіктерді көшеттермен және жасыл тұндырулармен жөндеу (жаңарту) жүргізу. 6. Жүзімді көшеттермен отырғызуды және үстемелеп отырғызуды жүзеге асыру. 7. Жүзімдікті филлоксераны жұқтыруға тексеру.	

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Энохимия негіздері.</li> <li>2. Жүзім шаруашылығы, ампелография, шарап жасау негіздері.</li> <li>3. Агротехника және ботаника негіздері.</li> <li>4. Жүзім бұтасының құрылысы.</li> <li>5. Жүзім өсіру технологиясы.</li> <li>6. Ауыл шаруашылығы жұмыстарының принциптері.</li> <li>7. Жабынды жүзімді қалыптау тәсілдері.</li> <li>8. Агротехниканың құрылымы мен пайдалану қағидалары.</li> <li>9. Жүзімнің сапалық сипаттамаларына қойылатын талаптар.</li> <li>10. Өсімдік күтімінің агротехникалық ережелері.</li> <li>11. Жұмыстарды орындау технологиясының негіздері.</li> <li>12. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Жүзім өсіру процесін жоспарлау және үйлестіру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзімді жинауды және дүкендерге, шарап жасау орнына тасымалдауды басқару.</li> <li>2. Жүзімдіктер үшін минералды және органикалық тыңайтқыштарға қажеттілікті анықтау.</li> <li>3. Нарықтық жағдайға және конъюнктураға бақылау жүргізу.</li> <li>4. Өсіру үшін дақылдардың түрлері мен санын анықтау.</li> <li>5. Жүзім өсіру үшін агроландшафттардың жарамдылығын бағалау.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шарап жасау және жүзім шаруашылығы негіздері.</li> <li>2. Экономика мен нарықтық қатынастардың негізгі принциптері.</li> <li>3. Жер заңнамасы.</li> <li>4. Шаруа (фермер) қожалықтарындағы жүзім мәдениетінің ерекшеліктері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Шарап жасау өнімі және сату үшін жүзім өсіру және жинау процесін ұйымдастыру	Дағды 1: Еңбек өнімділігін және өсірілген өнімнің (көшет материалы мен жүзімнің) сапасын арттыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өтіп кеткен гүлденудің сапасын бағалау.</li> <li>2. Жүзімнің жаңа сорттарын іріктеуді жүргізу.</li> <li>3. Экономикалық ахуалды болжауды жүргізу.</li> <li>4. Сала үрдістеріне бағдарлану.</li> <li>5. Жүзім өсірудің инновациялық әдістерін пайдалана отырып, өнімділікті арттыру.</li> <li>6. Қойылған міндеттер қимасында жұмыстардың орындалу сапасын бағалау.</li> <li>7. Тұтынушыларға өнімді сатуды немесе дайындау пункттеріне жеткізуді қамтамасыз ету.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1 Жүзім шаруашылығы және ампелография негіздері.</li> <li>2. Шарап жасау негіздері.</li> <li>3. Ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру саласындағы базалық білім.</li> <li>4. Жер заңнамасы.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 2: Сапаны бақылау	Машықтар:	
		1. Шарап жасау шикізатының жетілуінің технологиялық дәрежесін анықтау. 2. Сату немесе алғашқы шарап жасау кәсіпорындарына жеткізу үшін өнімді қарауды, тиеуді жүзеге асыру. 4. Тұтынушының өнім сапасына қойылатын талаптарды және мемлекеттік стандарттардың талаптарын сақтау. 5. Жүзімді декларациялау – алқабы мен сорттық құрамы көрсетілетін жүзім екпелерінің тізілімін жасау және жүргізу.	
		Білімдер:	
		1. Шарап теориясы, жүзім түрлері және сорттары. 2. Сапаға қойылатын талаптар. 3. Жеміс шаруашылығының биологиялық негіздері. 4. Шаруа (фермер) қожалықтарындағы жүзім мәдениетінің ерекшеліктері. 5. Сапаны бақылау әдістемесінің негізі.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Ұйымдастырушылық Бастамашылдық Зейінділік Жауапкершілік Тәртіптілік Орындаушылық Ой икемділігі Нәтижеге бағдарланушылық Жоғары үйренушілік Коммуникабельділік Іскерлік қарым-қатынас дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар)	
	5	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном (орташа білікті)	
11. Кәсіптің карточкасы «Ауыл шаруашылығы техникалары жөніндегі техник»:			
Топтың коды:	3115-2		
Қызмет атауының коды:	3115-2-006		
Кәсіптің атауы:	Ауыл шаруашылығы техникалары жөніндегі техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамалары Барлық атаудағы техника.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Ауыл шаруашылығын механикаландыру	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Техник-механик		

Қызметтің негізгі мақсаты:	Ауыл шаруашылығы техникасының техникалық және технологиялық дайындығын қолдау есебінен өндірістік процестердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу 2. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік процестерді техникалық қамтамасыз ету
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Дағды 1: Пайдалану шарттарын ескере отырып, ауыл шаруашылығы техникасын дайындау және пайдалану	Машықтар: 1. Ауыл шаруашылығы техникасын қайта консервациялауды, жинауды, реттеуді жүзеге асыру. 2. Жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын пайдалану сынамасын жүргізу. 3. Пайдалану шарттарын ескере отырып, ауыл шаруашылығы техникасын жұмысқа дайындау. 4. Ауыл шаруашылығы техникасын жұмысқа дайындау бойынша құжаттарды ресімдеу. 5. Агротехникалық талаптарға сәйкес механикаландырылған ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау. 6. Ауыл шаруашылығы техникасының тораптары мен механизмдерінің құрастыру сызбаларын оқу (топырақ өңдеу техникасы, жүзім көшеттерін отырғызуға арналған агрегаттар, әмбебап жүзім жинайтын комбайндар, көріаралық культиваторлар, жүзімдіктерге арналған соқалар-қопсытқыштар, жүзімдік тиегіштер). 7. Техниканы пайдалану кезінде оңтайлы құралдарды, мүкәммалды, көшеттерді отырғызуға, жүзімді жинауға арналған жабдықтарды таңдау. 8. Машина-трактор агрегаттары мен жабдықтарында технологиялық операцияларды орындау.
		Білімдер: 1. Механикаландырылған ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау технологиясы. 2. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды орындау үшін шығыс, жанар-жағар май материалдары мен техникалық сұйықтықтарды тағайындау және пайдалану ережесі. 3. Ауыл шаруашылығы техникасын сынау тәртібі мен режимдері. 4. Ауыл шаруашылығы техникасының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері, режимдері мен пайдалану ережелері. 5. Еңбекті қорғау, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары.
		Дағдыны тану мүмкіндігі: -
		Дағды 2: Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттама.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттарды ресімдеу тәртібі.</li> <li>3. Ауыл шаруашылығы техникасының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері, пайдалану режимдері, мақсаты.</li> <li>4. Еңбекті қорғау, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Еңбек функциясы 2: Ауыл шаруашылығындағы өндірістік процестерді техникалық қамтамасыз ету</p>	<p>Дағды 1: Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету туралы құжаттарды ресімдеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Материалдық-техникалық жабдықтауға және диагностикалық жұмыстарды орындауға өтінімдер ресімдеу.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы техникасының жұмысқа қабілеттілігін тексеруді жүзеге асыру.</li> <li>4. Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсетудің саны мен еңбек сыйымдылығын есептеу.</li> <li>5. Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсетуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету қажеттілігін анықтау және тиісті өтінімдерді ресімдеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау кезінде шығыс, жанар-жағар май материалдары мен техникалық сұйықтықтардың мақсаты мен пайдалану тәртібі.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсетудің түрлері, мерзімділігі және еңбек сыйымдылығы.</li> <li>3. Машиналар мен механизмдердің конструкциясы, технологиялық процестері, параметрлері, оларды ауыл шаруашылығы өндірісінде қолдану саласы.</li> <li>4. Жанар-жағармай материалдарын, электр энергиясын ұтымды пайдалану жөніндегі техникалық іс-шаралар.</li> <li>5. Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттарды ресімдеу тәртібі.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	<p>Дағды 2:          Ауыл шаруашылығы техникасының ақауларын анықтау және жөндеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауыл шаруашылығы техникасының тораптары мен механизмдерінің сызбаларын оқу.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы техникасының (тораптар, агрегаттар) жұмысындағы ақаулықтар мен істен шығуларды анықтау.</li> <li>3. Жүзім өсіру техникасында пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникасына жөндеу жүргізу үшін қажетті құралдарды (материалдарды, тораптарды, агрегаттарды) іріктеуді жүргізу.</li> <li>4. Ауыл шаруашылығы техникасының бөлшектерін немесе торабын ауыстыру арқылы жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру.</li> <li>5. Тораптар мен механизмдерді бөлшектеуді, құрастыруды, жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруді, ауыл шаруашылығы техникасының бөлшектері мен тораптарын ауыстыруды жүзеге асыру (топырақ өңдеу техникасы, жүзім көшеттерін отырғызуға арналған агрегаттар, жүзім жинайтын әмбебап комбайндар, кәріаралық культиваторлар, жүзімдіктерге арналған соқалар-қопсытқыштар, жүзім тиегіштері).</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауыл шаруашылығы техникасының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері және пайдалану режимдері.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, жөндеу бойынша нормативтік және техникалық құжаттама.</li> <li>3. Механикаландырылған ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындауға агротехникалық талаптар.</li> <li>4. Жөндеу жұмыстарын орындау кезінде пайдаланылатын Шығыс, жанар-жағармай материалдарының, жабдықтардың, мүкәммалдың, жеке қорғану құралдарының мақсаты және пайдалану тәртібі.</li> <li>5. Еңбекті қорғау, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Ұйымдастырушылық Бастамашылдық Зейінділік Жауапкершілік Орындаушылық Ой икемділігі Нәтижеге бағдарланушылық Жоғары үйренушілік Іскери қарым-қатынас Командада жұмыс істеу	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Ауыл шаруашылығы техникасы инженері
	6	Ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механигі
	5	Инженер-механиктің көмекшісі
	6	Жаңа техника мен технологияны енгізу жөніндегі инженер
	4	Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларын іске қосуға дайындаушы
12. Кәсіптің карточкасы «Агроном-жүзімші»:		
Топтың коды:	2132-1	
Қызмет атауының коды:	2132-1-006	
Кәсіптің атауы:	Агроном-жүзімші	

СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары Агроном		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Агроном Агроном-топырақтанушы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсірудің технологиялық процесін ұйымдастыру.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүзім өсірудің әзірленген технологиялары шеңберінде жұмыстарды орындау 2. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлеу 3. Селекциялық жетістіктерді сынауды ұйымдастыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жүзім өсірудің әзірленген технологиялары шеңберінде жұмыстарды орындау	Дағды 1: Өсірудің технологиялық карталарына сәйкес өсімдік шаруашылығы бригадаларының жұмысын ұйымдастыру	Машықтар:	
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Технологиялық операцияларды жүргізудің кезектілігі мен күнтізбелік мерзімдерін, оның ішінде нақты ауа райы жағдайларын ескере отырып белгілеу.</li> <li>2. Ауысымға өсімдік шаруашылығы бригадалары (буындар, қызметкерлер) үшін жұмыстардың түрлері мен көлемін анықтау.</li> <li>3. Бригадаларға (буындарға, қызметкерлерге) тапсырмалар беру, оларды орындау жөніндегі нақты нұсқаулықтармен сүйемелдеу.</li> <li>4. Берілген еңбек қызметін ескере отырып, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін персоналды ұйымдастыру</li> <li>5. Барлық ауыл шаруашылығы процестерінің сапалы және уақытылы орындалуына жетекшілік ету.</li> <li>6. Жүзімді өсіру жөніндегі технологиялық операцияларды іске асыру үшін пайдаланылатын топырақ өңдеу агрегаттарын технологиялық реттеуді жүзеге асыру.</li> <li>7. Технологиялық операциялардың сапасын бақылау барысында анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдау.</li> <li>8. Технологиялық карталарға, мемлекеттік стандарттарға (МЕМСТ) және регламенттерге сәйкес жұмыстарды орындауға агротехникалық талаптарды анықтау.</li> <li>9. Жүзім өсірудің прогрессивті әдістерін қолдану.</li> </ol>	

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзім өсіру жөніндегі ауыл шаруашылығы механикаландырылған және қол жұмыстарына арналған өндірудің ауысымдық нормалары.</li> <li>2. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша технологиялық операцияларды жүргізудің оңтайлы мерзімдері.</li> <li>3. Жүзімді өсірудің технологиялық операцияларын іске асыру үшін пайдаланылатын машиналар мен механизмдерді реттеудің техникалық шарттары.</li> <li>4. Ашық және жабық топырақта ауыл шаруашылығы дақылдарын - жүзім өсіру технологиялары.</li> <li>5. Жүзім өсірудің инновациялық және дәстүрлі технологиялық процестері мен тәсілдері.</li> <li>6. Ауыл шаруашылығындағы еңбекті қорғау талаптары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	<p>Дағды 2: Өсу барысында өсімдіктердің даму процесін бақылау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өсу барысында өсімдіктердің дамуын бақылау бағдарламаларын құру.</li> <li>2. Жүзімнің фенологиялық даму фазаларын айқындау негізінде технологиялық операцияларды жүргізудің күнтізбелік мерзімдерін белгілеу.</li> <li>3. Тұрақтылықты арттыру жөніндегі іс-шараларды айқындау үшін дақылдың (жүзімнің) жай-күйіне, оның ішінде стресстік жағдайларда бағалау жүргізу.</li> <li>4. Жүзімді қорғау жүйесін жетілдіру үшін арамшөптердің түрлік құрамын анықтау.</li> <li>5. Тыңайтқыштарды қолдану жүйесін жетілдіру мақсатында жүзім сабағының қоректенуіне кешенді (топырақ және өсімдік) диагностика жүргізу.</li> <li>6. Өсу барысында алынған нәтижелерді өңдеу және талдау жүргізу.</li> <li>7. Дақылдардың дамуын бақылау нәтижелерін талдау негізінде өсімдік шаруашылығындағы технологиялық процестерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеумен айналысу.</li> <li>8. Сортты, биологиялық ерекшеліктерді ескере отырып және зиянкестермен күресу шараларын ескере отырып, жүзімді өсірудің технологиялық картасын жасау.</li> <li>9. Дақылдау, топырақ, жәндіктер, аурулардың өнімділікке әсерін зерттеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзімнің фенологиялық даму фазалары және вегетацияның әр түрлі фазаларында өсімдіктердің морфологиялық белгілері.</li> <li>2. Жүзім сабағын фенологиялық бақылау әдістемесі.</li> <li>3. Биология, жүзімді жинау жүргізілетін өсімдіктердің даму фазалары.</li> <li>4. Жүзімнің жинауға дайындығын анықтау әдістері.</li> <li>5. Жүзімнің зиянкестермен және аурулармен зақымдану белгілері.</li> <li>6. Өсімдіктердің даму үдерісі барысында алынған ақпаратты талдау және өңдеу тәсілдері.</li> <li>7. Ауыл шаруашылығындағы еңбекті қорғау талаптары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлеу		

<p>Дағды 1:  Өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында жүзімдікте жүзім өсіру жөніндегі ауыл шаруашылығы операцияларын жоспарлау және ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өңірдің нақты жағдайлары мен егіншілікті қарқындату деңгейі үшін жүзім сорттарын таңдауды негіздеу.</li> <li>2. Жүзім дақылдарын өсіру мен дамыту және топырақты сақтау үшін оңтайлы жағдай жасау үшін топырақ-климаттық жағдайларды және аумақ рельефін ескере отырып, жүзімдіктерде топырақты өңдеудің ұтымды жүйесін әзірлеу.</li> <li>3. Дақылдарды жоспарланған өнімді қалыптастыру, топырақтың құнарлылығын сақтау (арттыру) үшін қажетті тамақтану элементтерімен қамтамасыз ету үшін топырақтың қасиеттері мен жүзім сабағының биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тыңайтқыштарды қолданудың экологиялық негізделген жүйесін әзірлеу.</li> <li>4. Стандартты әдістерді қолдана отырып, егіс материалының сапасын анықтау.</li> <li>5. Пестицидтерді қолдану қажеттілігін негіздеу кезінде зияндылықтың экономикалық шегін ескеру.</li> <li>6. ҚР заңнамасына сәйкес карантиндік фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын іске асыру.</li> <li>7. Технологиялық операциялар бойынша жұмыс көлемін, технологиялық карталарды әзірлеу кезінде жұмысшылар санын және нормалық ауысымды анықтау.</li> <li>8. Отырғызу материалын, тыңайтқыштарды және пестицидтерді сатып алуға олардың жалпы қажеттілігіне қарай өтінім жасау.</li> <li>9. Технологиялық операцияларды орындау үшін агрегаттарды жинақтау.</li> <li>10. Өсіру технологиясы бойынша рационализаторлық ұсыныстармен жұмысты ұйымдастыру.</li> <li>11. Көшеттерді, тыңайтқыштарды және басқа да материалдарды сатып алуға келісім-шарт жобаларын дайындау және келіссөздер жүргізу.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзімді жинау тәсілдері мен тәртібі.</li> <li>2. Өңдеу тәсілдерімен реттелетін топырақ қасиеттеріне жүзімдіктердің талаптары.</li> <li>3. Агротехникалық шаралардың зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің таралуына әсері.</li> <li>4. Өсімдіктерді қорғаудың ұйымдастырушылық-шаруашылық, химиялық және биологиялық әдістері.</li> <li>5. Жүзім өсірудің, атап айтқанда, Еуропалық Одақ елдерінде қолданылатын инновациялық әдістері.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

	<p>Дағды 2: Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, жүзім өсіру бойынша агрономиялық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жалпы қабылданған әдістерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының жоспарланған түсімділігіне тыңайтқыштардың дозасын (белсенді зат пен физикалық массада) есептеу.</li> <li>2. Агрolandшафтты шарттардың жүзімге қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеу.</li> <li>3. Стандартты әдістерді пайдалана отырып отырғызу материалының сапасын анықтау</li> <li>4. Дақылдарды өсірудің технологиялық сұлбасын құру.</li> <li>5. Ауыл шаруашылығы жұмыстары кезеңінде жұмыс жоспарларын құру.</li> <li>6. Пестицидтерді қолдану қажеттілігін негіздеу кезінде зияндылықтың экономикалық шегін ескеру.</li> <li>7. Құжат айналымын жүргізуді ұйымдастыру.</li> <li>8. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологияларын әзірлеу кезінде арнайы бағдарламалар мен деректер базасын пайдалану.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзім өсіру кезінде пайдаланылатын тыңайтқыштарды жіктеу</li> <li>2. Тыңайтқыштардың түрлері және олардың сипаттамасы (құрамы, қасиеттері, әсер етуші заттың пайызы).</li> <li>3. Минералды тыңайтқыштарды араластыру ережесі.</li> <li>4. Өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау әдістері.</li> <li>5. Жүзім өсіру технологияларын әзірлеу кезінде арнайы бағдарламалар мен деректер базалары.</li> <li>6. Өсірілген дақылдардың климат жағдайына қойылатын талаптары.</li> <li>7 Жүзім шаруашылығындағы есептеудің стандартты әдістері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Еңбек функциясы 3: Селекциялық жетістіктерді сынауды ұйымдастыру</p>	<p>Дағды 1: Жаңа сорттарды, жаңа технологияларды қолдану бойынша тәжірибе жұмыстарын жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Экспедициялық зерттеу әдісімен өндірістік жағдайларда жүзімнің жергілікті және әкелінген түрлерін зерттеу.</li> <li>2. Сорттарды олардың жалпыға белгілі сорттардан айырмашылығы, жүргізілген сынақтар негізінде біртектілігі мен тұрақтылығы туралы қорытындымен сипаттау.</li> <li>3. Ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сынаудың қолданыстағы әдістемелеріне сәйкес сорттарды шаруашылық пайдалылығына сынау жүргізу.</li> <li>4. Топырақтық-климаттық аймақтардың нақты жағдайларында пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттарды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу.</li> <li>5. Жүзімнің жаңа сорттарын құру және оның базалық сорттарын жетілдіру.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Селекция әдістері (табиғи тозаңдандыру кезінде алынған тұқымдарды жаппай себу; вегетативтік будандастыру; жасанды будандастыру; фитосанитариялық селекция; клондық селекция).</li> <li>2. Айырмашылыққа, біртектілікке және тұрақтылыққа сынақтар жүргізу әдістемесі</li> <li>3. Жүзім өсірудің аймақтық технологиялары.</li> <li>4. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру кезіндегі табиғатты қорғау талаптары.</li> <li>5. Сорт сынау бойынша құжаттардың ұсынылған нысандары.</li> <li>6. Сорттың шаруашылық пайдалылығы сараптамалық бағалау негізінде белгіленетін жүзімнің тектері мен түрлерінің тізбесі.</li> <li>7. Ампелография негіздері.</li> <li>8. Өсімдік сынамаларын іріктеу әдістері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	<p>Дағды 2: Жұмыстардың жиынтығын, олардың реттілігін, мерзімін және ұзақтығын анықтау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зертханалық талдау үшін өсімдік сынамаларын алу.</li> <li>2. Бастапқы сорт сынау құжаттамасын жүргізу.</li> <li>3. Болжалды өсіру өңірлерінің табиғи-климаттық жағдайларына сәйкес келетін сорт үлгілерін анықтау мақсатында тіркеу алдындағы сынақтар жүргізу.</li> <li>4. Ерекшеліктерді ескере отырып, тіркеу алдындағы және мемлекеттік сорт сынағын жүргізу шеңберінде дақылдарды өсірудің агротехникасын анықтау.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібі.</li> <li>2. Жүзім өсірудің экологиялық қауіпсіз технологиялары.</li> <li>3. Жүзімнің сапалық сипаттамаларын анықтау ерекшелігі.</li> <li>4. Дақыл - жүзім (техникалық, асханалық) сапасының көрсеткіштері, өнімді жинау мерзімдері мен тәсілдерін анықтау технологиясы.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік Ұйымдастыру қабілеттері Аналитикалық ойлау Инновация және жаңашылдық Өзін-өзі реттеу Дамуға бағдарланушылық Конструктивтілік Зейінділік Бастамашылдық Басқаларды мотивациялауға қабілеттілік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	7	Бас агроном
	5	Бөлімше (бригада, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма, цех) агрономы (орташа білікті)
13. Кәсіптің карточкасы «Жүзім өсіруші»:		
Топтың коды:	6112-0	
Қызмет атауының коды:	6112-0-001	
Кәсіптің атауы:	Жүзім өсіруші	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4	

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Жүзім өсіруші		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Дайындық жұмыстарына қызмет көрсету және орындау, жүзімнің әртүрлі сорттарын өсіру және өсіру, күту және жинау бойынша көмекші жұмыстар		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жүзім өсіру жұмыстарын орындау 2. Жүзімдікте жұмысты ұйымдастыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жүзім өсіру жұмыстарын орындау	Дағды 1: Жүзімдікті бөлуге сайтты дайындау	Машықтар:	
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жерді жер аударудан тегістеніз (жоспарлау).</li> <li>2. Отырғызу үшін топырақ дайындаңыз.</li> <li>3. Жүзімді отырғызу үшін ұңғымаларды қолмен гидробурмен немесе сынықпен бұрғылаңыз.</li> <li>4. Отырғызу үшін плантация ішіндегі учаскелерді жоспарлаңыз және беткейлерге палубаларды орнату және жөндеу арқылы тұсқағаз орнатыңыз.</li> <li>5. Топырақтың күйін қадағалаңыз.</li> <li>6. Эспалиер құрылғысына арналған тіректерді арнайы машиналармен орнатыңыз.</li> </ol>	
		Білімдер:	
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Топырақты өңдеудің негізгі әдістері.</li> <li>2. Өңдеу сапасын бағалау әдістері топырақ.</li> <li>3. Сапаға қойылатын талаптар өңдеу.</li> <li>4. Жерді өңдеудің технологиялық реттілігі.</li> </ol>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	

<p>Дағды 2: Жүзім отырғызу, жеміс беретін жүзімдіктер мен жүзім мектебіне күтім жасау бойынша жұмыстарды орындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көшеттермен жүзім отырғызыңыз.</li> <li>2. Бұталарды қалыптастырыңыз және оларды кесіңіз.</li> <li>3. Уақтылы суару.</li> <li>4. Жоспарланған нәтижеге қол жеткізуді және алынған нәтиженің жүзім өсірушінің жұмысындағы сапа нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ету.</li> <li>5. Жемісті және жас екпелерге күтім жасау.</li> <li>6. Чубукиді қазып алыңыз, жүзімнің отырғызу материалын сұрыптаңыз және дайындаңыз.</li> <li>7. Жүзімді байламмен байлап, сақтауға қойыңыз.</li> <li>8. Егу және тамыр сабақтарының чубукилерін қолмен калибрлеңіз және егу алдында бөлімдерді жаңартыңыз.</li> <li>9. Бұтаның жасыл бөліктерімен операция жасаңыз (қоқыс, шымшу, соғу, шымшу және т.б.).</li> <li>10. Тәждің негізінде жүзімді жасартыңыз (сабақтарды кесіңіз), бұталарды белгіленген биіктікте кесіңіз.</li> <li>11. Отырғызу үшін жүзім бұтақтарын қоршаңыз.</li> <li>12. Жүзімнің отырғызу материалын сұрыптаңыз және дайындаңыз.</li> <li>13. Жүзім бұталарын жермен жабыңыз, қатар аралықтарын алдын-ала бұрап алғаннан кейін бір уақытта жүзім төсеңіз.</li> <li>14. Отырғызуға қабаттарды дайындау (калибрлеу, кесу).</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзім өсімдігінің биологиясы.</li> <li>2. Жүзім сорттарының жіктелуі.</li> <li>3. Мемлекеттік стандарттар мен жүзім сорттары.</li> <li>4. Жүзімнің әртүрлі сорттарын өсіру ерекшеліктері.</li> <li>5. Жүзімді кесу әдістері, оларды торға байлау.</li> <li>6. Жүзім көшеттерін отырғызу әдістері, жүзімдіктерді трансплантациялау және суару.</li> <li>7. Жүзім бұталарын басқару жүйелері.</li> <li>8. Жүзім бұталарының негізгі формалары жабық, шартты түрде жабылатын және жабылмайтын басқару мәдениеті аймағына арналған.</li> <li>9. Вегетациялық кезеңде топырақты міндетті түрде мульчирование, бұталардың астында екі рет қопсыту, жолдар арасындағы ережелер.</li> <li>10. Бұталарды кесудің теориялық негіздері.</li> <li>11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білім.</li> <li>12. Жүзім көшеттерін отырғызу әдістері.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 3: Жүзім жинау жұмыстарын орындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Егін жинау.</li> <li>2. Жиналған егінді нормаларға сәйкес тасымалдауды және сақтауды қамтамасыз ету.</li> <li>3. Контейнерді дайындаңыз.</li> <li>4. Ыдыстар мен үй-жайларды санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес жууды және дезинфекциялауды ұйымдастыру.</li> <li>5. Қолмен түгендеуді қолданыңыз және механикаландыру құралдары.</li> <li>6. Жүзімді қолмен және механикаландыру құралдарының көмегімен жинаңыз.</li> <li>7. Жүзімдікті тордан алыңыз.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзім өсірудің заманауи агротехникасы мен технологиясы туралы білім.</li> <li>2. Жұмыстарды орындауға арналған машиналар мен құралдардың жұмыс принципі, оларды реттеу, ақаулар мен ақауларды түзету және жою.</li> <li>3. Ауылшаруашылық жұмыстарының принциптері; агротехниканың құрылысы және пайдалану ережелері.</li> <li>4. Өнімге қойылатын сапа талаптары.</li> <li>5. Санитария және гигиена негіздері бар ыдысқа қойылатын талаптар.</li> <li>6. Жабдықтарды, ыдыстарды және үй-жайларды күтудің санитарлық нормалары мен ережелері.</li> <li>7. Асханалық және техникалық жүзім сорттарын жинау әдістері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Жүзімдікте жұмысты ұйымдастыру	Дағды 1: Жүзімдікті қолайсыз метеорологиялық жағдайлардан, зиянкестер ауруларынан қорғау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тыңайтқыштарды дайындаңыз және оларды топыраққа енгізіңіз.</li> <li>2. Жүзім ауруларының алдын алуға бағытталған арнайы жұмыстар жүргізу.</li> <li>3. Қауіпсіз қыстау үшін өсімдіктерді жабыңыз.</li> <li>4. Егу үшін жүзім дайындамаларын жасаңыз.</li> <li>5. Минералды тыңайтқыштар мен әкті ұсақтап, електен өткізіңіз.</li> <li>6. Вакцинацияларды бақылау және санау.</li> <li>7. Жүзімдіктерді тамырларды қазу арқылы филлоксера инфекциясына зерттеңіз.</li> <li>8. Жүзімдіктердегі ойықтарды пестицидтермен ұстаңыз.</li> <li>9. Параметрлерді талдау күн радиациясы, температуралық, топырақ пен ауаның су режимдері</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Органикалық тыңайтқыштарды терең енгізу еңбегін түрлендіру және ұйымдастыру технологиясы.</li> <li>2. Тыңайтқыштардың жіктелуі.</li> <li>3. Тыңайтқыштардың түрлері және олардың сипаттамалары (құрамы, қасиеттері, белсенді заттың пайызы).</li> <li>4. Минералды тыңайтқыштарды араластыру ережелері.</li> <li>5. Өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау әдістері.</li> <li>6. Жүзім өсірудегі метеорология және климатология туралы білім.</li> <li>7. Көшеттерді отырғызу ерекшеліктері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Жүзімді өсіру, жинау және тасымалдау кезінде пайдаланылатын Мүкәммалды дайындау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қолмен түгендеуді қолданыңыз және механикаландыру құралдары.</li> <li>2. Жұмыс мүкәммалына тексеру жүргізу.</li> <li>3. Түгендеу мен техниканың дұрыс жұмыс істемеуін диагностикалау.</li> </ol>

		Білімдер: 1. Жүзім өсіру, жинау кезінде қолданылатын жабдықтың жұмыс принципі. 2. Жүзім өсіру, жинау жұмыстарына арналған механикаландыру құралдарын орнату.3. Қызмет көрсетілетін мүкәммалды, айлабұйымдарды, өлшеу аспаптарын пайдалану қағидалары. 4. Агротехниканың құрылысы және пайдалану ережелері. 5. Ауылшаруашылық жұмыстарының принциптері. 6. Еңбекті қорғау ережелері ауыл шаруашылығы жұмыс.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Сенсорлық жады Физикалық төзімділік Дәлдік Жұмыстағы жауапкершілік Тәртіп Иіс және дәм жады Орындаушылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Техник-агроном (бау-бақша)
	3	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар)

#### 4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

14. Мемлекеттік органның атауы:
15. Өзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):  
«Агроөнеркәсіп қауымдастықтарының кешені» консорциумы  
Орындаушылар:  
Иванникова Н.В., +7 (747) 570 00 56, natika.77@mail.ru
16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:
17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: -
18. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
19. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2022 г.
20. Болжамды қайта қарау күні: 26.10.2025 г.